

**«Жамбыл облыстық
нотариаттық палатасы»
нотариаттық палатасының**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

19. 04 20 13 ж. жарғыға

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТІРКЕЛДІ

19. 04 20 13 ж.

БСН 99044000 1611

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

26. 07 1999 ж. алғашқы тіркелген

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

19. 04 20 13 ж. жүргізілді

БСН 99044000 1611

**ЖАРҒЫСЫ
УСТАВ**

**нотариальной палаты
«Жамбылская областная
нотариальная палата»**



Жамбыл облыстық
нотариаттық палата
нотариустарының 2022 жылғы
«11» ақпандағы жалпы
жиналысымен өзгерістер
еңгізілген

«Жамбыл облыстық нотариаттық палатасы» нотариаттық палатасының ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелері

1.1. Жамбыл облыстық нотариаттық палатасы (қысқартылған атауы-ЖОНП), ары қарай осы Жарғының мәтінінде «нотариаттық палатасы» деп аталатын, жекеше практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау, сондай-ақ жекеше нотариустардың Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасын, кәсіби және әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету үшін құрылатын, Жамбыл облысы аумағында жекеше практикамен айналысатын нотариустардың міндетті мүшелігіне негізделген коммерциялық емес, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады. Ұйымдастыру-құқықтық нысаны – нотариаттық палата.

1.2. Нотариаттық палата өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі «Нотариат туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңын, нотариат мәселелері бойынша өзге де заңнаманы және нормативтік құқықтық актілерін және осы Жарғыны басшылыққа ала отырып, жүргізеді.

1.3. Палата мына принциптер негізінде құрылады және әрекет етеді: өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыру, жариялылық, заңдылық, мүшелерінің тең құқылығы.

1.4. Нотариаттық палата заңды тұлға болып саналады, оқшауланған мүлікке ие болады, оның дербес балансы, банктік мекемелерде есептік шоттары болады, ол өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болуға және міндеттерді орындауға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы. Нотариаттық палата өз міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі, қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес өндіріп алуға жататын мүлігімен жауап береді. Нотариаттық палата қызметінен түскен барлық табыс оның жарғылық мақсаттарын орындауға жұмсалады.

1.5. Толық атауы: «Жамбыл облыстық нотариаттық палатасы» нотариаттық палатасы.

1.6. Қысқартылған атауы: «ЖОНП» НП.

1.7. Нотариаттық палатаның өз атауы көрсетілген мөрі, мөртабандары, фирмалық мөрқағаздары, өз эмблемасы (нышандары) болады. Палата жеке нотариаттық мұрағат түрінде филиалдар құруға және соларға ие болуға құқылы.

3

1.8.«ЖОНП» НП мекен-жайы: индексі 080000, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, «Ақбұлақ» мөлтек ауданы, № 22 «б».

1.9.Нотариаттық палатада іс жүргізу Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

1.10.Нотариаттық палата коммерциялық емес ұйым бола тұра өзінің негізгі мақсаты ретінде пайда табуды көздемейді және өндірілген кірісті өз мүшелері арасында үлестірмейді. Палата кәсіпкерлік қызметті тек өзінің жарғылық мақсаттары шеңберінде жүзеге асыра алады.

1.11.Палата Республикалық нотариаттық палатаның мүшесі болып табылады (ары қарай-РНП).

1.12.Палата оның филиалы болып табылатын «Жеке нотариаттық мұрағат» (ары қарай-ЖНМ) құрады.

1.13. ЖНМ-ң құрылымы, қызмет тәртібі, қаржыландыруы және барлық басқа мәселелері Палатамен бекітілетін Ережемен белгіленеді.

2.Палата мақсаттары және қызметінің негізгі түрлері

2.1.Нотариаттық палатаны құру мақсаты болып нотариустардың заңды мүдделерін білдіру мен қорғау, сондай-ақ нотариаттық әрекеттер жасау кезінде нотариустардың нотариат туралы заңнаманы сақтауына бақылау жүргізу, нотариустардың мүдделерін мемлекеттік билік және басқару органдарында, сондай-ақ барлық меншік түрлеріндегі ұйымдарында, Қазақстан Республикасы және шет елдері сот органдарында қарым-қатынастары тиісті мемлекеттік келісім-шарттарымен белгіленген тәртіпте ұсыну, нотариустардың әлеуметтік, кәсіби құқықтарын қорғау табылады.

2.2.Нотариаттық палата қызметінің негізгі түрлері болып мыналар табылады:

- жалпы басқару және жекеше нотариус қызметін үйлестіру;
- өз мүшелерінің құқықтары және заңды мүдделерін мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда ұсыну және қорғау, оларға нотариат ісінің дамытуына жәрдем беру және қолдау көрсету;
- нотариаттық қызметтің атқарылуына кәсіби және этикалық бақылауды ұйымдастыру;
- нотариаттық әрекеттер жасау кезінде жекеше нотариустардың нотариат туралы заңнамасын сақтауына бақылау жүргізу;
- ЖНМ-тың жұмысын ұйымдастыру;
- нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер тұлғалардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру;
- нотариаттық әрекеттер жасау нәтижесінде келтірілген зиянға қатысты туындаған міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру ісін ұйымдастыру;

- палата қызметінің түрлі бағыттары бойынша нотариаттық палата жанындағы комиссияларды құру;
- жекеше нотариустар қызметіне талдау және жалпылама жасау, нотариаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік құралдарды, ережелер және анықтамалық ақпараттық материалдарды әзірлеу және басып шығару, жекеше нотариустардың кәсіби қызметі бойынша статистикалық мәліметтерді жалпылау;
- нормативтік құжаттармен танысу және талдау, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- нотариустар, олардың көмекшілері, палата аппараты қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында семинарлар мен тренингтердің арнайы бағдарламаларын әзірлеу;
- Жамбыл облысы аумағындағы жекеше нотариустардың тізімін жүргізу және оны жаңартып отыру;
- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ҚР заңнамасын нотариустармен сақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- РНП-мен бірігіп жұмыс атқару, РНП жүргізетін іс шараларын жүзеге асырылуына қатысу, РНП органдары жұмысын ұйымдастыру және нотариаттық қызметке қатысты заңнаманы жетілдіру жөнінде РНП-ға ұсыныстар енгізу, Палаталар өкілдері съездерінде шешуші дауыс құқығымен Палатаны ұсыну;
- басқа палаталармен ынтымақтастық қатынастарында болады, олармен бірігіп іс-шаралар атқарады;
- жергілікті мәслихаттарда, әкімдіктерде, әділет органдарында талқылау үшін халыққа нотариаттық қызмет көрсетуді жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу және енгізу;
- нотариаттық қызмет көрсетуді жетілдіру жөніндегі аумақтық бағдарламалардың әзірленуіне қатысу;
- жергілікті атқарушы және өкілетті органдарында нотариаттық органдардың өзекті мәселелерін шешу бойынша лоббистік жұмыстарды жүргізу;
- нотариустардың кәсіби қызметіне мониторинг жұмысын жүргізу;
- аймақтағы нотариаттық тәжірибені үйлестіру;
- құқық қорғаушы ұйымдар мен өзге де ҮЕҰ-мен бірлесіп әрекет ету;
- сабақтас құрылымдармен біріккен нотариаттық қызмет бойынша пилоттық жобаларды әзірлеу;
- нотариаттық аумақтағы нотариустар кеңселерінің орналасу карталарын жасау;
- қажет болған жағдайда, шекаралас мемлекеттердің аумақтық палаталарымен нотариаттың жұмысында, Кедендік одақ аясындағы міндеттемелерден туындайтын мәселелер бойынша келісім-шарттар жасау;
- аумақтағы нотариустардың беделін арттыруға бағытталған шараларды әзірлеу;
- шалғай және экономикалық тұрғыда әлсіз аудандардағы нотариустарды қолдау қорларын құру;

5

- жергілікті соттар аппараттарымен, нотариустардың қызметіне қатысты шешімдерін талдап, қорытындылау жұмыстарына қатысу туралы келісімдер жасау;
- нотариаттық палата мүшелерінің корпоративті жауапкершілік шараларын әзірлеу;
- арнайы құқықтық түсіндіру бағдарламаларын әзірлеп, оларды жүзеге асыру;
- қайырымдылық науқандарын өткізу;
- палатаның материалдық-техникалық базасын жақсартуға бағытталған арнайы жобаларды әзірлеу, палата мүшелеріне бұл мәселеде мүмкіндігінше қолдау көрсету;
- палата мүшелеріне қысқа мерзімге несиелер беру үшін арнайы қор құру;
- жасы келуіне байланысты (денсаулығына байланысты немесе өзге де себептермен) зейнетке шығатын нотариаттық палата мүшелеріне көмек көрсетуге бағытталған арнайы бағдарлама әзірлеу;
- өз мүшелеріне құқықтық және әдістемелік көмек көрсету туралы міндеттемелерін қамтамасыз ететін палатаның ішкі құжаттарын дайындау;
- көршілес обыстардың палаталарымен өзара әрекеттесу туралы келісімдер жасау;
- палата мүшесі болып табылатын нотариустардың жарнамалық қызметпен айналысуға жол бермеуге бағытталған шараларын әзірлеу;
- БАҚ-тар мен палата арасында нотариустардың жұмысын жариялау туралы келісім-шарттар жасау;
- нотариустарды ынталандыру;
- Палата басқармасы шешімдеріне сәйкес қызмет етуші жеке не нотариустарға, өз кәсіби қызметін тоқтатқан нотариустарға және басқа тұлғаларға әлеуметтік көмек көрсету;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қарсы келмейтін, осы Жарғыда көрсетілмеген басқа қызмет түрлерін жүзеге асыру.

Жарғылық қызмет түрлерін жүзеге асыру мақсатында қабылданған Палата шешімдерін Палатаның барлық мүшелері орындауға міндетті.

3. Нотариаттық палатаның құқықтары және міндеттері

3.1. Нотариаттық палатаның құқыққа қабілеттілігі «нотариаттық палата» атты дербес ұйымдастыру-құқықтық нысанында коммерциялық емес түрдегі заңды тұлға ретінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеу мезетінен басталады.

3.2. Нотариаттық палата құқылы:

- өзінің кіріс көздерін, кіріс және шығыс сметасы есебіне сәйкес өз қызметкерлері еңбек ақысын және ынталандыру нысандары мен мөлшерін өз алдына дербес белгілеуге;
- өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болуға;
- жеке нотариустың жасаған әрекетінің заңдылығы туралы мәселе қаралған жағдайда, оның ішінде кәсіптік қызмет талаптарын сақтамау бойынша, нотариустан жүргізілген нотариаттық әрекеттері туралы мәліметтер, қажет болған жағдайда өзге де түсініктемелерді беруі туралы талап қоюға;

- заңнамада белгіленген тәртіппен банктерде есеп-шоттарды ашуға;
- меншігінде немесе жедел басқаруында оқшауланған мүлікке және дербес балансқа ие болуға;
- заңнама актілерінде өзгеше көрсетілмесе, басқа заңды тұлғаларды құруға;
- филиалдар ашуға;
- сотта талапкер және жауапкер болуға;
- аумақтық әділет органымен бірігіп Әділет министрлігіне нотариаттық аумақтағы нотариустардың ең төмен саны жөнінде ұсыныстар енгізуге;
- жеке нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру, лицензиясын кері қайтарып алу және күшін тоқтату жөнінде ұсыныстар енгізуге;
- кәсіби міндеттерін және әдеп талаптарын бұзғаны үшін Нотариустың әдеп кодексіне, осы Жарғыға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеке нотариусты жауапқа тартуға;
- тәртіптік жаза қолдануға;
- Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

3.3. Нотариаттық палата міндеттері:

- РНП мүшесі болуға;
- Қазақстан Республикасының заңдарын және заңдармен көзделген жауапкершілікті сақтауға;
- нотариустың нотариаттық аумақта уақытша болмаған кезінде аумақтық әділет органымен бірлесіп нотариаттық іс-әрекеттердің жасалуын ұйымдастыруға;
- жартыжылдық және жыл қорытындысы бойынша өз қызметі жөнінде РНП-ға және аумақтық әділет органына ақпарат ұсынуға;
- палата аппараты қызметкерлерінің штаттық санын бекітуге;
- өз мүшелерінің құқықтары және заңды мүдделерін мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда ұсынуға және қорғауға, оларға нотариат ісінің дамуына жәрдем беруге және қолдау көрсетуге;
- нотариаттық әрекеттерді жасау кезінде нотариустардың нотариат туралы заңнаманы сақтау үшін қажетті іс-шаралар қабылдауға;
- аумақтық әділет органына өз қызметі жөнінде ақпарат ұсынуға;
- нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер тұлғалардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастыруға;
- нотариустар кәсіби біліктілігінің жоғарылату іс-шараларын ұйымдастыруға;
- жекеше нотариустың қызметтік іс-әрекеттеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен арыздарын қарауға;
- жеке нотариустардың өз азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру келісім-шартын жасаудан бас тарту жағдайлары жөнінде және жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі ҚР заңнамасының өзге де талаптарының бұзылғаны жөнінде аумақтық әділет органын хабардар етуге;
- өз мүшелері қызметіне қатысты істер бойынша сот тағайындаған сараптамалар жүргізуге байланысты шығындарды өтеуге;
- «Жеке нотариаттық мұрағаты» филиалын құруға;

7

-Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікті сақтауға.

4.Мүшелікке ие болу, тоқтату және айырылу шарттары және тәртібі

4.1.ҚР «Нотариат туралы» Заңының 15 бабы 1 тармағына сәйкес Жамбыл облысы аумағында жеке практикамен айналысатын нотариустар Нотариаттық палаты мүшелері болып табылады.

4.2.Нотариаттық палата мүшелігіне қабылдау осы Жарғының 4.1. тармақшасында көрсетілген тұлғалардың өзінің өтініші және бекітілген тізімге сәйкес қоса тіркелген құжаттары негізінде Палата Басқармасымен жүзеге асырылады.

4.3.Нотариаттық палата мүшелігіне қабылдау жөніндегі өтініш оның Басқармаға түскен күнінен бастап бір айдан аспайтын мерзім ішінде өтініш берген тұлғаның шақырылуымен қаралады. Басқарма лицензиаттан білімі, еңбек тәжірибесі, кәсіби деңгейі және үміткердің беделіне қатысты (біліктілігін жоғарылату жөніндегі құжаттар көшірмелері, ғылыми дәрежелері мен атақтары, мінездемелері, ұсынымдары, ғылыми басылымдары және т.б.) қосымша ақпарат талап етуге құқылы.

4.4.Басқарма лицензиат құжаттарын қарайды және Палата мүшелігіне қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдайды. Басқарма отырысын өткізгенге дейін бес жұмыс күннен аспайтын мерзімнен кешіктірмей Палата лицензиатқа Басқарма отырысының өткізілетін орны, күні және уақыты жөнінде хабарлайды. Лицензиат палата Басқармасы отырысына қатысуға құқылы.

4.5.Нотариаттық палата мүшелігіне қабылдануға үміткер Басқарма шешімімен келіспеген жағдайда ол Басқарма шешіміне заңнамада көрсетілген тәртіпте шағым келтіруге құқылы.

4.6.Палата мүшелігіне қабылдау жөніндегі шешім Басқарма отырысына қатысушы мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

4.7.АНП мүшелігіне қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту жөніндегі шешім лицензиатқа Басқарма отырысы күні ауызша немесе жазбаша түрде, немесе арызданушыны тиісті түрде хабардар етуін қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдарын қолдану арқылы хабарланады.

4.8.АНП мүшелігіне қабылдаудан бас тартуға заңнамада белгіленген тәртіппен шағым түсірілуі мүмкін.

4.9.Палата мүшесіне жекеше нотариус куәлігі беріледі.

4.10.Палата мүшелігін тоқтата тұру тәртібі:

-Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру жөнінде қабылданған шешім болған кезде. Нотариус лицензиясының күші қалпына келтірілгенде палата мүшелігі Палата Басқармасының шешімі негізінде қалпына келтіріледі.

- ҚР «Нотариат туралы» Заңының 10 бабында көрсетілген денсаулық, отбасылық және басқа да жағдайлармен нотариаттық палата мүшесінің нотариаттық қызметті өз еркімен тоқтата тұруы.

Нотариаттық палатадағы нотариус мүшелігін өз еркімен тоқтата тұруы оның нотариаттық палата Басқармасына берген өтініші негізінде жүзеге

асырылады. Тоқтата тұру жөніндегі өтініш Басқармамен оның сақтауындағы нотариаттық құжаттардың басқа нотариусқа немесе ЖНМ-қа тапсырылғаннан кейін, жекеше нотариустың мөрін аумақтық әділет органына тапсырған соң және аумақтық әділет органына нотариаттық қызметті тоқтата тұру жөніндегі хабарламаны жіберген соң ғана қаралады.

Нотариустың нотариаттық палатадағы мүшелігі үш айдан астам мерзімге Тәртіптік комиссия шешімі негізінде, сондай-ақ еңбекке 3 айдан астам мерзімге жарамсыздығы және бала күтіміне арналған демалыста болған уақытқа тоқтатыла тұрған кезде, нотариус оның сақтауындағы нотариаттық құжаттарды басқа нотариусқа, жекеше нотариус мөрін аумақтық әділет органына тапсыруға міндетті. Нотариустың нотариаттық қызметті тоқтата тұруы жөнінде нотариаттық палата аумақтық әділет органына хабарлайды. Нотариаттық палатадағы мүшелігін өз еркімен тоқтата тұрған нотариус мүшелік жарнаны төлеуден босатылмайды.

РНП-ға төленетін жарналарды қоспағанда, мына жағдайларда нотариус мүшелік жарнаны төлеуден босатылады:

- ҚР ӘМ шешімі негізінде нотариус лицензиясының күші тоқтатыла тұрған жағдайда лицензия күші қайта жаңартылғанға дейін;

- ҚР заңнамасына сәйкес еңбекке жарамсыздыққа әкеліп соғатын денсаулық жағдайына байланысты НП мүшелігі тоқтатыла тұрған кезде, бұл кезде нотариус еңбекке жарамсыздығын растайтын құжаттарды ҚР заңнамасына көрсетілген тәртіппен ұсынуға міндетті;

- нотариус бала күтіміне арналған демалыста болған кезде ҚР еңбек заңнамасына сәйкес - бала күтіміне арналған демалысы мерзіміне.

4.11. Нотариаттық палата мүшелігі тоқтатылған жағдайда нотариус нотариаттық әрекет жасау құқығынан айырылады.

4.12. АНП мүшелігінен шығу мына жағдайларды орын алады:

- жеке практикамен айналысатын нотариустың өз құзырын тоқтататыны жөнінде арызы негізінде Палата мүшелігінен өз еркімен шығуына байланысты;

- қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпте нотариус лицензиясынан айыру немесе қолданылуын тоқтатуға байланысты;

- ҚР нотариат туралы заңнамасында, осы Жарғыда және нотариус этикасы кодексінде көрсетілген міндеттерді орындамағаны үшін Тәртіптік комиссия шешімі негізінде Палата мүшелігінен шығарылуына байланысты;

- нотариустың өліміне немесе оны өлген тұлға ретінде тануға байланысты.

4.13. Нотариаттық палата мүшелігінен шығу жөнінде өтінішті нотариус Басқармаға береді. Өтініш қағаз немесе электронды нысанда беріледі. Өтініш берген соң нотариус оның сақталуындағы құжаттарды жеке нотариаттық мұрағатқа тапсырады немесе басқа нотариусқа береді. Өтінішті Басқарма отырысында қарау кезінде оған мұрағатқа құжаттарды қабылдау-тапсыру актісі және нотариустың шығу парақшасы (кету парағы) қоса тіркеледі, оның ішінде:

- мұрағат директорының қор ішінде құжаттардың барлығын салыстыру жөніндегі,
- АНП бас бухгалтердың (бухгалтердың) мүшелік жарна бойынша қарыздарының жоқтығы, қатаң есептегі пайдаланылмаған бланктерді қабылдау жөніндегі,
- АНП іс жүргізушісінің есепті кезеңдегі статистикалық есептерді қабылдау жөніндегі белгілері болуы тиіс.
- 4.14.Шығу жөніндегі өтініш 1(бір) ай ішінде қаралады.
- 4.15.Палата мүшелігінен шығу жөніндегі шешім Басқарма отырысына қатысушы мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.
- 4.16. Нотариус лицензиясы күші тоқтатылған кезеңде АНП шығу жөніндегі өтініш қаралмайды.
- 4.17. АНП мүшелігінен шығарылу жөніндегі шешімді алған соң, АНП-дан шығу жөнінде өтініш берген нотариус қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес мөрді аумақтық нотариаттық палатасына оны жою үшін тапсырады.

5. Палата мүшелері құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

5.1.Нотариаттық палата мүшелерінің құқықтары:

- Палата сайлаулы органдарына сайлауға және сайлануға;
- Палата қызметіне қатысты мәселелер бойынша оның органдарына ұсыныстар енгізуге;
- талқыланған өзекті мәселелер бойынша жауап беруді талап етуге;
- нотариаттық палата тарапынан өткізілетін барлық шараларға қатысуға;
- жарғылық қызмет шеңберінде өткізілетін Палата іс-шаралары және қолданылған шаралар жөнінде ақпарат алуға;
- Палата тарапынан материалдық, құқықтық көмек алуға;
- нотариаттық палата мүмкіндіктері шеңберінде түсіндірме, әдістемелік, ұйымдастырушылық көмек алуға;
- палата және оның сайлаулы органдарының қызметі туралы ақпарат алуға;
- жалпы жиналыс, басқарма, сонымен қатар комиссиялар және жұмыс топтары хаттамаларымен танысуға;
- ҚР «Нотариат туралы» Заңының 10 бабының 2-1 тармағында көрсетілген негіздер бойынша жеке арызына сәйкес мүшелік жарна төлеуден босатылуымен Палата мүшелігінің тоқтата тұруы жөнінде өтініш беруге;
- оның қызметін немесе тәртібін тексеру нәтижесін талқылауының барлық жағдайларында тексеруге өзі қатысуға;
- Палатаның барлық сайлаулы органдары жұмысын жақсарту жөніндегі ұсыныс енгізуге;
- нотариус қызметіне тікелей қатысы бар мәселелер қаралған кезде Басқарма отырыстарына өзі қатысуға;
- Палатаның құқықтары, заңнамалық және экономикалық мүмкіндіктері шеңберінде Палата тарапынан өз мүдделерінің қорғалуына;
- Жарғыға сәйкес кіріс және шығыс сметасында көрсетілген, Палата қызметіне тікелей қатысуына байланысты орын алған өзінің шығындарын өндіріп алуға.

5.2. Нотариаттық палата мүшелерінің міндеттері:

- қолданыстағы заңнаманы, осы Жарғыны, нотариустардың әдеп кодексін сақтауға;
- осы Жарғыда көрсетілген құзыреті шегінде Палата мүшелері жиналысы және оның басқа органдарының нотариат мәселелері бойынша қабылданған шешімдерді орындауға;
- Палата мүшелері жиналыстары жұмысына өзі қатысуға;
- Палата Басқармасы, Тәртіптік комиссия және Палатаның басқа органдары отырыстарына қатысу жөнінде шақырту алған кезде отырыстарға өзі қатысуға;
- өзінің нотариаттық қызметі жөніндегі мәселелер бойынша өзі түсінік беруге;
- статистикалық есептерді өз уақытында тапсыруға;
- өзінің қызметін сақтандыру, нотариаттық кеңсенің орналасқан жері және басқа өзгерістері туралы Палатаны хабардар ету;
- Палата талабына сәйкес жасалған нотариаттық іс-әрекеттері және қаржылық-шаруашылық қызметіне қатысты қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға;
- үстіміздегі айдың мүшелік жарнасын әр ай сайын төлеуге;
- нотариаттық палатаның ұйымдастыру-басқарушылық міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуге қажетті нысаналы және басқа да жарналарды төлеуге;
- өзінің кәсіби біліктілігін жоғарылатуға, осы міндеттерді орындауға қатысты барлық іс-шараларға өзі қатысуға;
- белгіленген жұмыс кестесін сақтауға, нотариус жұмыс кестесінің өзгерістері жөнінде Палатаны хабардар етуге, жұмыс орнында 2 екі жұмыс күнінен аса болмайтындығы жөнінде палатаға хабарлауға;
- нотариаттық мұрағат, мөрлердің, сонымен қатар қызметтік қажетті құжаттардың тиісті түрде сақталуын қамтамасыз етуге;
- қолданыстағы заңнамада, осы Жарғыда, нотариустар әдеп кодексінде, жиналыстар мен Палата Басқармасы шешімдерінде көрсетілген басқа да талаптарды орындауға.

5.3. Палата мүшелерінің жауапкершілігі:

- нотариаттық іс-әрекет жасау кезінде заңнама талаптарын бұзғандары үшін Палата мүшелері Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тартылады;
- Палата мүшесі кәсіби міндеттері мен әдеп кодексін бұзғаны, Жарғыда көрсетілген міндеттерді, жиналыс пен Басқарма шешімдерін орындамағаны үшін нотариус әдеп кодексіне, осы Жарғыға сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

6. Палата мүшелерінің тәртіптік жауапкершілігі және оған тарту тәртібі

6.1. Нотариус тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

6.2. Нотариустың жасаған теріс қылығы үшін тек бір тәртіптік жаза қолданылады.

11

6.3.Палата мүшелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, Нотариустың әдеп кодексінің, нотариаттық палата Жарғысының талаптарын, нотариаттық палатаға мүшелік шарттарын бұзғаны туралы жүгінімдері, шағымдары олардың түскен күнінен бастап бір айдан кешіктірілмей Тәртіптік комиссиямен қаралады.

6.4. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы мынадай тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы шешім қабылдауға құқылы:

1) ескерту;

2) сөгіс

3) қатаң сөгіс

4) нотариаттық палатадан шығару не лицензиарға нотариусты лицензиясынан айыру туралы талап қою арызын дайындау жөніндегі өтінішхат бере отырып, нотариаттық палатадан шығару.

6.5. Тәртіптік комиссия шешімімен келіспейтін Палата мүшелері оларға Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясына немесе сотқа дау айтулары мүмкін.

7.Басқару органдарын құру тәртібі, міндеттері және өкілеттілігі мерзімдері

7.1.Нотариаттық палата мүшелерін басқаруының жоғары органы болып Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы (ары қарай-Жиналыс), атқарушы органы болып - Басқарма, оның басшысы болып Нотариаттық палата Төрағасы, тексеру органы-Тексеру комиссиясы, тәртіптік органы-Тәртіптік комиссия табылады.

7.2.Палата мүшелері жалпы жиналысы:

7.2.1.Палата мүшелерінің кем дегенде 2/3 оның жұмысына қатысқан кезде шешім қабылдауға құқылы. Жиналыс өткізу үшін жиналысқа қатысушы Палата мүшелері саны (кворум) палата мүшелерін тіркеу және Палата аппаратымен Палата мүшелеріне берілген мандат және/немесе дауыс беру карточкасы арқылы анықталады.

7.2.2.Жиналыс жыл ішінде кемінде бір рет күн тәртібі, күні және өткізілетін орны көрсетіліп, нотариаттық палата Басқармасымен шақырылады.

7.2.3.Кезектен тыс жиналыс Басқарма немесе нотариаттық палаты мүшелерінің 2/3 бөлігі талабына сәйкес, сондай-ақ Тексеру комиссия бастамасымен шақырылуы мүмкін.Күн тәртібіне сұрақтарды енгізу жөніндегі ұсыныстар Жиналыс өткізуге дейін 7 күннен кешіктірілмей Палата Төрағасына жазбаша түрде беріледі.

7.2.4.Кезекті және кезектен тыс жиналыс өткізу жөнінде шешімді Басқарма қабылдайды, бұл жөнінде жиналыс өткізілетін уақытқа дейін кем дегенде 10 күн бұрын Палатаның барлық мүшелеріне хабарлама жөнелтіледі. Есептік-қайта сайлау жиналысын шақыру жөніндегі шешімді Басқарма қабылдайды, бұл жөнінде жиналыс өткізілетін уақытқа дейін кем дегенде 20 күн бұрын Палатаның барлық мүшелеріне хабарлама жөнелтіледі.

7.2.5.Басқарма сайлауды ұйымдастыру және өткізу жөнінде Комиссия құрады және Комиссия туралы Ереже бекітеді.

7.2.6.Жалпы жиналыстың күн тәртібі, күні және өткізілетін орны көрсетілген хабарлама нотариаттық палатаның әр мүшесіне тапсырысты хатпен немесе электронды пошта арқылы, нотариаттық палата төрағасының электронды-сандық қолтаңбасы пайдаланылып хабарлама жіберіледі. Жиналыста кворум болмаған жағдайда немесе жедел түрде шешілуі тиіс мәселелер қаралатын кезде Жалпы жиналыстан 7 (жеті) күн бұрын Басқарма қайталама жиналыс шақыруға құқылы, бұл жөнінде Нотариаттық палата Төрағасының ЭСҚ қолдану арқылы электрондық поштамен хабарланады.

7.2.7.Жиналыс Палата мүшелерінің жалпы санының 2/3 бөлігі бар болған жағдайда Палата қызметіне байланысты кез-келген мәселені шешуге құқылы.

7.2.8.Жиналыстың ерекше құзыретіне төмендегілер жатады:

- Палата Жарғысын қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- Палата Төрағасын, Басқарма мүшелерін, Тексеру және Тәртіптік комиссиялары мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Палата қызметі бағыттарын айқындау;
- Басқарма, Тәртіптік және басқа комиссиялары қызметі жөнінде Палата Төрағасының есептерін бекіту;
- Палатаның қаржылық-шаруашылық қызметі жөнінде Тексеру комиссияның есептерін бекіту;
- Палата бюджетін бекіту, оның орындалуы жөніндегі есептерді қарау;
- Басқарма, Тәртіптік комиссия құрамы санын белгілеу;
- Тексеру комиссия құрамының санын белгілеу, бірақ саны 5(бес) адамнан аспауы тиіс;
- мүшелік жарна және Палатаға төленетін басқа төлемдер мөлшерін анықтау;
- Палатаны қайта құру немесе тарату жөнінде шешімдер қабылдау;
- тарату комиссиясын тағайындау, оның жұмыс тәртібін және қаржыландырылуын белгілеу, тарату балансын бекіту;
- Палата мүшелерінің Басқарма, палата Төрағасы шешімдеріне қатысты түскен шағымдарды қарау;
- Палата қызметіне байланысты басқа мәселелерді қарау.

7.2.9.Жиналысты жиналыс сайлаған жиналыс төрағасы жүргізеді.Жиналыс сайлаған жиналыс хатшысы жиналыс хаттамасын жүргізеді. Хаттамаға жиналыс төрағасы және хатшысы қол қояды.Жиналысқа қатысушы Палата мүшелерінің үстемділік дауысымен ашық дауыс беру арқылы жиналыс шешімдері қабылданады. Жиналыс шешіміне сәйкес жиналыс күн тәртібіндегі кез-келген сұрақ бойынша жасырын дауыс беру жүргізілуі мүмкін. Палата төрағасы, Басқарма және Тәртіптік комиссия мүшелерін сайлау жасырын дауыс берумен жүргізіледі, ал Тексеру комиссия сайлауы ашық дауыс берумен жүргізіледі.

7.2.10.Жиналыс барысында дауыстарды есептеу жиналыста сайланған Есеп комиссиясы жүргізеді. Ашық дауыс берумен шешілетін сұрақтар бойынша дауыстарды есептеу «келісемін», «қарсымын», «дауыс беруден тартындым» дауыстарын есептеу дауыс беруге арналған карточкаларын есептеу арқылы жүргізіледі және жалпы жиналыс хаттамасына енгізіледі (жиналыс төрағасы, хатшысы және Есеп комиссия мүшелерін сайлауын қоспағанда - оларға

мандатпен дауыс беріледі). Жасырын дауыс берумен шешілетін сұрақтар бойынша дауыстарды есептеу жөніндегі комиссия барлық мүшелері қолдарын қойған тиісті хаттаманы есеп комиссиясы толтырады. Есеп комиссиясының хаттамасы жалпы жиналыс хаттамасына қоса тіркеледі.

7.3.Палата Басқармасы

7.3.1.Жиналыстар аралығындағы кезеңде Палатаның үнемі жұмыс атқаратын басқару органы болып Палата Басқармасы табылады.

7.3.2.Палата Басқармасы мүшесі болып нотариаттық өтілі кем дегенде 5 жылға толған, оны сайлаған күнге дейін тікелей кемінде бес жыл нотариаттық палатаның мүшесі болған, әріптестері арасында мінсіз абыройға ие, сайланған күнге жойылмаған тәртіптік жазасы жоқ нотариус бола алады.

7.3.3.Кемінде 5 адамдан тұратын Басқарма төрт жылдық мерзімге өзі жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

7.3.4. Жиналысқа қатысушы Палата мүшелерінің саны ішінде ең көп дауыс жинаған үміткер Палата Басқармасының сайланған мүшесі болып есептеледі.

7.3.5.Басқарма құрамына лауазымына сәйкес оның жұмысын басқаратын Палата төрағасы кіреді.

7.3.6.Нотариаттық палата төрағасы немесе Басқарма мүшесінің құзыреті мерзімінен бұрын тоқтатылған, Басқарма сайлануының, сонымен қатар Палата Төрағасының сайлауы жарамсыз деп танылған жағдайда Палатаның өкілетті Төрағасы бір ай мерзім ішінде Басқарманың жаңа құрамын немесе Басқарма жаңа мүшесін сайлау жөнінде Палата мүшелерінің кезектен тыс жиналысын шақырады. Басқарманың жаңа мүшесін немесе Басқарма құрамын сайлағанға, кезекті жиналысқа дейін бұрынғы Басқарма өз өкілеттілігінің атқаруын жалғастырады.

7.3.7.Басқарма отырыстары қажеттілікке сәйкес өткізіледі, бірақ тоқсан ішінде кемінде бір отырыс болуы тиіс.

7.3.8.Палата Басқармасы оның жұмысына 2/3 бөлігінен аса мүшелері қатысқанда шешім шығаруға құқықты. Басқарма шешімдері отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің үстемділік дауысымен қабылданады. Дауыстар теңдігі орын алған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші дауыс болып табылады. Басқарма кейбір міселелер бойынша жасырын дауыс беру жөнінде шешім қабылдаса, Басқармада қаралатын мәселелер бойынша ашық дауыс беріледі.

7.3.9.Төраға бастамасымен Басқарма отырыстары қашықтықтан өткізілуі мүмкін. Қашықтықтан өткізілетін отырыс күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Басқарманың әр мүшесінің пікірі Палата мекен-жайына жазбаша түрде поштамен немесе электрондық хат арқылы жіберіледі. Басқарма отырысы барысы және қабылданған шешімдер хатшы жүргізетін хаттамада көрсетіледі, хаттамаға Басқарма отырысына төрағалық етуші және хатшы қол қояды.

7.3.10.Басқарма құзыретіне мыналар кіреді:

- жеке және заңды тұлғаларға заңгерлік көмек көрсету жөніндегі Палата жұмысын ұйымдастырады;
- Палата мүшелерінің жалпы жиналысын шақырады;

- жиналыс қарауына шығарылатын сұрақтарды әзірлейді;
- Палата бағдарламасын және қызметінің негізгі бағыттарын әзірлейді және жиналыстың бекітуіне ұсынады;
- Палата Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- Палата бюджетін жасайды және жиналыстың бекітуіне ұсынады;
- Палата мүшелері жалпы жиналысы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- Палата мүшелігіне нотариустарды қабылдауды, Палата мүшелігін тоқтата тұруды, Палата мүшелігінен шығаруды жүзеге асырады;
- РНП-ға Палата қызметі жөнінде жалпыланған есептер береді;
- нотариустардың кәсіби біліктілігін жоғарылату жұмысын ұйымдастырады;
- нотариустардың және нотариус көмекшілерінің кәсіби біліктілігін жоғарылату бойынша оқытуды ұйымдастырады;
- жеке нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру, лицензиясынан айыру және лицензиясының күшін тоқтату жөнінде лицензиарға ұсыныс енгізеді;
- жұмыстың оң тәжірибесін талдайды, жалпылайды және таратады;
- Палата Жарғысы және жалпы жиналыс белгілеген тәртіпте Палата қаржысына билік етеді;
- бухгалтертік есептің, қаржылық есеп берудің, іс жүргізудің жүргізілуін және бастапқы статистикалық мәліметтердің жасақталуын ұйымдастырады;
- Палата мүлкіне билік ету тәртібін айқындайды;
- Тексеру комиссиясы хабарламасына сәйкес нотариус мүшелік жарнаны уақытында төлемеген жағдайда Тәртіптік комиссияға ұсыныс жолдайды;
- нотариаттық қызметті ұйымдастыру жөніндегі Әділет департаментімен келісілуді талап ететін мәселелерді шешеді;
- Палата жанында құрылған комиссиялар жұмысын ұйымдастырады
- нотариаттық аумақ шеңберінде нотариус қызметі аумағын айқындайды;
- ҚР «Нотариат туралы» Заңының 10, 11, 12 баптарында көрсетілген жағдайларда жеке нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру, лицензиясынан айыру және лицензиясының күшін тоқтату жөнінде ҚР Әділет министрлігіне ұсыныс енгізеді;
- РНП-мен бірігіп әрекет етеді;
- нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер тұлғалардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;
- нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер тұлғалардың тағылымдамадан өтуі жөніндегі қорытындыларын бекітеді;
- Палата қызметі бағыттары бойынша комиссиялар және жұмыс топтарын құрады;
- Палата мүшелері жалпы жиналысы құзырына жататын мәселелерді қоспағанда, Палата қызметінің басқа мәселелерін шешеді.

7.4. Төраға

7.4.1. Палата Төрағасы қолданыстағы заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес Палатаға басшылық етеді, Басқарманы басқарады және лауазымына сәйкес Басқарма отырыстарының Төрағасы болады.

Палата Төрағасы Палата мүшелері жиналысымен Палата мүшелері арасынан нотариус өзі жеке-дара жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады. Төраға болып нотариаттық өтілі кемінде он жылға толған, оны сайлаған күнге дейін тікелей кемінде бес жыл нотариаттық палата мүшесі болған, әріптестері арасында мінсіз абыройға ие, сайланған күнге жойылмаған тәртіптік жазасы жоқ, Палата Жарғысы талаптарын орындайтын және Палата қызметіне белсене қатысатын нотариус сайланады.

Бұл ретте сол бір адам екі мерзімнен артық палатаның төрағасы лауазымын атқара алмайды.

7.4.2. Палата Төрағасы лауазымына жиналысқа қатысушы Палата мүшелерінің ең көп дауысын жинаған үміткер сайланды деп есептеледі.

7.4.3. Жамбыл облыстық нотариаттық палата Төрағасы лауазымына үміткерлер дауыстардың бірдей санын жинаған жағдайда Комиссия Ережеге сәйкес осы жиналыс барысында екінші тур өткізеді. Екінші турда дауыс беру тізіміне бірдей дауыс жинаған үміткерлер енгізіледі. Дауыс берудің екінші турында ең көп дауыс жинаған үміткер Жамбыл облыстық нотариаттық палатасының сайланған Төрағасы болып есептеледі. Екінші тур нәтижесінде ең көп дауыс жинаған үміткер анықталмаған жағдайда Төраға сайлауы жарамсыз деп танылады, бұл сайлаудың жарамсыз деп танылған күнінен бастап бір айдан аспайтын мерзім ішінде Төрағаны жаңадан сайлауы белгіленеді және өткізіледі.

Төраға сайлауы жарамсыз деп танылған жағдайда жаңа сайлау нәтижесін жариялағанға дейін Төрағаның өкілеттілігінің ұзартылуы жөнінде мәселені жиналыс сол күні шешеді. Сайлау нәтижесі Жамбыл облыстық нотариаттық палатасы жиналысында сайлау өткізілген күні хабарланады.

7.4.4. Палата Төрағасы өз өкілеттілігін Палата мүшелері жиналысында сайлау нәтижелері хабарланған мезеттен бастап жүзеге асыруға кіріседі және олардың жүзеге асыруын Палата мүшелері жиналысында жаңа сайлау нәтижелерін хабарлаған немесе Палата мүшелері Палата Төрағасының өкілеттілігінің мерзімге дейін тоқтату жөнінде Палата мүшелері жиналыста бұл жөнінде шешім қабылдаған мезеттен бастап тоқтатады.

7.4.5. Палата Төрағасы өкілеттілігін орындау мына жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылуға жатады:

- 1) Төрағаның өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін Палата мүшелері жиналысы Палата Төрағасы өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде шешім қабылдағанда;
- 2) қайтыс болғанда;
- 3) Палата Төрағасы жеке практикамен айналасатын нотариус өкілеттілігін доғарған немесе ол өкілеттіктер сот шешімімен тоқтатылған кезде;
- 4) Төрағаның Палата Төрағасы өкілеттілігін орындаудан өз еркімен бас тартуы.

Осы тармақтың 2,3,4 тармақшаларында көрсетілген жағдайларда Палата Төрағасы міндеттері тиісті факт (оқиға) орын алған кезден немесе сот шешімі заңды күшіне енгенінен бастап тоқтатылады.

7.4.6.Палата Төрағасы қызметі, соның ішінде уақытша орнында болмаған кезде (науқастығына байланысты және т.б.), Палата мүшелері жиналысымен белгіленген мөлшерде және тәртіпте өтелуі тиіс.

7.4.7.Палата Төрағасы міндеті мерзімінен бұрын тоқтатылған кезеңде немесе Палата Төрағасы орнында болмаған кезде оның міндетін Палата Төрағасы міндетін атқарушы орындайды. Палата Төрағасы міндетін атқарушы Басқарма шешімімен Басқарма мүшелері арасынан сайланады. Палата Төрағасы міндетін атқарушы лауазымынан Палата Басқармасы шешіміне сәйкес мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

7.4.8.Төраға:

- Палата жұмысын ұйымдастырады, Палатаға жүктелген міндеттерінің орындалуын бақылайды;
- Палата жұмысын басқарады, Палата қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- Палата және Басқарма мүшелерін мемлекеттік билік және жергілікті басқару органдарында, соттарда, жеке және заңды тұлғалармен арақатынастарында, РНП және басқа ұйымдарда ұсынады;
- лауызымына сәйкес Әділет департаменті Аттестаттау комиссия мүшесі болады;
- Палата атынан сот органдарында өкілеттілік етуге сенім хаттарын береді;
- Палата Басқармасы шешімдерінің орындалуын бақылайды;
- мемлекеттік билік органдары және халықаралық ұйымдармен арақатынастарында сенімхатсыз Палата өкілі болады;
- құжаттарға бірінші қол қою құқығына ие болады;
- банк мекемелерінде есеп шоттарын ашады;
- Палата атынан хат алмасады;
- бекітілген смета шеңберінде Палата қаржысына билік етеді;
- жиналыстар және Басқарма шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруға жауапты болады;
- Палата мүшелерінің іс- жүргізуіне, нотариаттық қызметті сақтандыруына бақылау жүргізу жұмыстарын ұйымдастырады;
- Палата мүшелеріне мемлекеттік, атқарушылық, сот және басқа органдарында белгілі іс-әрекеттерді жүргізуге сенімхаттар береді;
- жылына кем дегенде бір рет жиналыс алдында Палата жұмысы жөнінде есеп береді;
- осы Жарғыда белгіленген өкілеттілігі шеңберінде заңнама талаптары аясында қызметтің басқа да түрлерін жүзеге асырады.

7.5.Ревизиялық комиссия

7.5.1.Ревизиялық комиссия нотариаттық палатаның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын органы болып табылады.

7.5.2. Нотариаттық Палатаның ревизиялық комиссиясы палата мүшелері арасынан бес адамнан аспайтын құрамында құрылады. Палатаның ревизиялық комиссия мүшелері палатада өзге сайланбалы лауазымды атқаруға құқылы емес. Палатаның ревизиялық комиссия мүшелері өз қызметін ерікті негізде өтеусіз жүзеге асырады.

7.5.3. Нотариаттық Палатаның ревизиялық комиссиясы палата мүшелерінің жалпы жиналысымен ашық дауыс беру арқылы төрт жылға сайлайды.

7.5.4. Палатаның ревизиялық комиссиясы кез келген уақытта палатаның қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Палатаның ревизиялық комиссиясы осы мақсатта палатаның бүкіл қаржылық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие. Палата органдары ревизиялық комиссияның талап етуі бойынша ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсініктер беруге міндетті.

7.5.5. Палатаның ревизиялық комиссиясы палата мүшелерінің кезекті жалпы жиналысына есеп ұсынады.

7.5.6. Палатаның ревизиялық комиссиясының жұмыс тәртібін, есептер ұсыну мерзімділігін палата мүшелерінің жалпы жиналысы айқындайды.

7.5.7. Ревизиялық комиссия өз құрамынан комиссия жұмысын ұйымдастыратын Төрағаны сайлайды.

7.5.8. Өз құзыреті шегінде Ревизиялық комиссия Палата басқармасы, Палата Төрағасына тәуелді емес, Палата мүшелері жиналысы бақылауында болады және жиналысқа есеп береді.

7.5.9. Ревизиялық комиссия мүшелері Палатаның қаржылық қызметіне қатысты мәселелерге арналған Палата Басқармасы отырыстарына кеңесу дауыс құқығымен қатысуға құқылы.

7.5.10. Жылына кем дегенде бір рет Палатаның қаржылық-шаруашылық қызметіне, қажет болған жағдайда маманның қатысуымен, кешенді тексеру жүргізеді. Жылына кем дегенде бір рет жиналыс алдында есеп береді.

7.5.11. Қаржылық-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексеріс нәтижесінде анықталған кемшіліктерді жою мақсатында Ревизиялық комиссия жиналысқа ұсыныс енгізеді.

7.5.12. Мүшелік, нысаналы жарналар және басқа төлемдер есептелуінің дұрыстығын және олардың Палата мүшелерімен уақытылы төленуін тексереді, жарналық төлемдердің уақытылы төлемеген жағдайлары жөнінде нотариаттық палата басқармасымен Тәртіптік комиссияға ұсыныс енгізу мақсатында Басқарманы хабарландырады.

7.6. Тәртіптік комиссия

7.6.1. Тәртіптік комиссия палата мүшелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, Нотариустың әдеп кодексінің, нотариаттық палата Жарғысының талаптарын, нотариаттық палатаға мүшелік шарттарын бұзғаны туралы жүгінімдерді, шағымдарды (бұдан әрі – шағым) қарау жөніндегі орган болып табылады.

7.6.2. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының құрамына жалпы жиналыспен сайланған, кемінде бес жыл нотариаттық қызмет өтілі бар төрт нотариус, әділет органдарының ұсынысы бойынша жұртшылықтың үш өкілі енгізіледі. Нотариус нотариаттық палатаның Тәртіптік комиссиясының төрағасы болып табылады. Тәртіптік комиссия мүшелері нотариаттық палата мүшелері жиналысында өзі жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады. Палатаның Тәртіптік комиссиясының мүшелері палатада өзге сайланбалы лауазымды атқаруға құқылы емес. Палатаның Тәртіптік комиссиясының мүшелері өз қызметін ерікті негізде өтеусіз жүзеге асырады.

Тәртіптік комиссия мүшелері арасынан біреуінің мүшелігі токтатылған жағдайда осы комиссия уәкілеттілігінің қалған мерзіміне ашық немесе жасырын дауыс беру жолымен қосымша сайлау өткізіледі.

7.6.3. Шағымдарды қарау тәртібін ҚР «Нотариат туралы» Заңының талаптарын ескере отырып Республикалық нотариаттық палатасы әзірлеген «Тәртіптік комиссия туралы» Ереже айқындайды.

7.6.4. Тәртіптік комиссия шағымдарды қарау кезінде шағымдарды жіберген адамдарды, сондай-ақ нотариаттық палатаның өздеріне қатысты шағым қаралатын мүшелерін өзінің отырыстарына шақыруға міндетті.

7.6.5. Әділет органдары тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы ұсыну енгізген жағдайда, оны қарау әділет органы өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады.

7.6.6. Шағымды қарау уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген көрсетілген адамдардың келмеуі оны қарауға кедергі болмайды.

7.6.7. Тәртіптік комиссия тәртіптік жазалау шараларын ҚР «Нотариат туралы» Заңының 24-1 бабының 3 тармағына сәйкес талаптарын қолданады.

7.6.8. ҚР «Нотариат туралы» Заңының 24-1 бабының 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген шешімдер тәртіптік комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады және көрсетілген орган оларды қабылдаған күннен бастап күшіне енеді. ҚР «Нотариат туралы» Заңының 24-1 бабының 3-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген шешімдер тәртіптік комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісінің даусымен қабылдануы мүмкін.

7.6.9. Тәртіптік комиссия нотариаттық палатаның мүшесіне қатысты тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде палата шешімнің көшірмесін палатаның мүшесіне, сондай-ақ ол бойынша шешім қабылданған шағымды жіберген адамға оның алынғанын тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып жібереді.

8. Палата аппараты, директоры

8.1. Палата аппараты Палата Төрағасымен қалыптастырылады.

8.2. Палата аппараты басшысы болып ҚР еңбек заңнамасына сәйкес жұмысқа қабылданаған Палата Директоры табылады.

8.3.Палата аппараты қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек кодексімен айқындалады.

8.4.Палата аппараты қызметкерлері еңбек заңнамасына және штаттық кестеге сәйкес Палата Төрағасының бұйрығымен жұмысқа қабылданады және лауазымынан босатылады.

8.5.Палата аппараты қызметкерлері Палата Төрағасының ұсынысымен Басқармада бекітілген және оларға жүктелген лауазымдық міндеттерді орындауға міндетті.

8.6. Палата аппараты қызметкерлерінің еңбек ақысы және басқа төлемдерінің мөлшері кіріс және шығыс сметасына сәйкес Палата Төрағасының ұсынысы негізінде Басқарма шешімімен бекітіледі.

8.7.Палата директоры:

- жиналыс, Палата Төрағасы және Басқарма шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады, Палата аппараты жұмысын басқарады;
- Палата Төрағасымен бірігіп бекітілген смета шеңберінде Палатаның күнделікті қаржылық-шаруашылық қызметін басқарады және осы жұмыстың ұйымдастырылуына және жағдайына жауапты болады;
- жеке және заңды тұлғалармен ара-қатынастарда оның құзырына жататын мәселелер бойынша сенімхат негізінде Палата өкілі болады;
- Палата Төрағасы немесе Төрағаның орынбасарының тапсырмасына және сенімхатқа сәйкес мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар мен мекемелерде Палата өкілі болады;
- оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік билік органдары, жеке және заңды тұлғалармен, сонымен қатар нотариустармен хат алмасады
- Палата Төрағасына есеп береді және соның бақылауында болады.

9.Нотариаттық палата Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

9.1.Палата Жарғысының өзгерістері жиналысқа қатысушы мүшелерінің басым көпшілігі дауыс берген жағдайда қабылданып, бекітіледі және аумақтық әділет органында тіркелген мезеттен бастап күшіне енеді.

9.2.Палата Жарғысының өзгерістері заңмен белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жатады және күшіне тіркелген мезеттен бастап енеді.

10.Нотариаттық палата мүлкі және қаржысы

10.1.Палата меншігінде ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй қоры, автокөліктер, құрал-жабдықтар, мәдени-ағарту, сауықтандыру және білім беруге арналған мүлік, ақша, акциялар, басқа құнды қағаздар және басқа да,

жарғылық қызметті материалдық қамтамасыз етуге қажетті мүлік болуы мүмкін.

10.2. Палата меншігінде оның қаржысы есебінен құрылған баспалары және кәсіпорындары болуы мүмкін.

10.3. Палата қаражаттары жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге және жарғылық міндеттері түрлерін жүзеге асыруға жаратылады.

10.4. Палата мүлігінің құрастырылу көздері:

- Палата мүшелерінің мүшелік жарналары және басқа төлемдері;
- занды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары мен сыйлары;
- білім беру және басқа шараларды өткізгеннен түскен түсімдер;
- нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер тұлғаларды тағылымдамадан өткізгені үшін түскен түсімдер;
- заңнамада рұқсат етілген тәртіпте тауарларды сату, жұмыстарды жасау, қызметтерді көрсетулерден түскен табыстар (кірістер);
- акция, облигация, басқа құнды қағаздар мен салымдардан (депозиттерден) түскен дивидендтер (кіріс, сыйақылар (қызығұшылық));
- заңмен тыйым салынбаған басқа түсімдер.

10.5. Мүшелік, нысаналы жарналардың мөлшері Палата мүшелері жиналысымен айқындалады. Мүшелік жарналар Палата мүшелерімен әр айдың 25 (жиырма бесінші) күнінен кешіктірілмей төленуге тиіс.

10.6. Палатаның меншігіндегі жылжымайтын мүлік және есептік бағасы республикада мәміле жасау күнге белгіленген АЕК-тің 1000 есе асатын мүлікке билік ету, иеліктен шығару, ауыртпалық қою тек Жиналыс шешімімен жүзеге асырылады.

11. Палатаны қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі

11.1. Палатаны қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі

11.1.1. Палатаның қайта ұйымдастырылуы және таратылуы оның мүшелері Жиналысы немесе сот шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасы заңнамасы негізінде және заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

11.1.2. Палатаны қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныс осы Жарғыда көрсетілген тәртіпте Палата мүшелері, Палата Басқармасы немесе Палата мүшелерінің қарапайым көпшілігімен жалпы жиналыста еңгізілуі мүмкін. Палата мүшелерінің жалпы жиналысына қатысушыларының санынан 2/3 дауыс берген кезде Палатаны қайта ұйымдастыру немесе тарату жөнінде шешім қабылданады. Палатаны тарату жөнінде шешім қабылдаған жалпы жиналыс бұл жөнінде кідіріссіз заңды тұлғаларды тіркеу жұмысын жүзеге асырушы әділет органына хабарлауы міндетті.

11.2.Тарату комиссиясы

11.2.1. Палатаны тарату жөнінде шешім қабылдаған жалпы жиналыс тарату комиссиясын тағайындайды және Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасы және осы Жарғы нормаларына сәйкес Палата таратылуының тәртібі мен мерзімін айқындайды.

11.2.2.Тарату комиссиясын тағайындаған мезеттен бастап оған Палата мүлкін және істерін басқару өкілеттіліктері ауысады. Тарату комиссиясы Палата атынан соттарға қатысады.

11.2.3.Тарату комиссиясы Палата мүлкін бағалайды, дебиторлары мен кредиторларын анықтайды, Палатаның кредиторлық қарыздарын төлеу жөнінде шара қолданады, тарату балансын әзірлейді және оны жалпы жиналыста бекітуге ұсынады.

11.2.4.Тарату аяқталды және Палата өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлері реестріне жазу еңгізілген мезеттен бастап саналады.

11.2.5. Палатаның барлық құжаттары (басқарушылық, қаржылық-шаруашылық, жеке құрам бойынша және т.б.)Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Палата құқыққабылдаушыларына, ал олар жоқ болған жағдайда – Мемлекеттік мұрағатқа сақталу үшін.

12.Палата таратылған жағдайда мүлікті пайдалану тәртібі

12.1.Палатаны таратқан кезде кредиторлар талаптары қанағаттандырылғаннан қалған мүлік жарғылық мақсаттарды орындауға жіберіледі.

13.Қорытынды ережелер

13.1.Осы Жарғының күшіне еңгізілуі.

13.1.1.Осы Жарғы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте оның мемлекеттік тіркеуден өткен мезетінен бастап өз күшіне еңгізіледі.



Внесены изменения
общим собранием нотариусов
Жамбылской областной
нотариальной палаты
от «11» февраля 2022 года

УСТАВ
нотариальной палаты
«Жамбылская областная нотариальная палата»

1. Общие положения

- 1.1. Жамбылская областная нотариальная палата (сокращенное наименование - ЖОНП), именуемая далее в тексте настоящего Устава «Нотариальная палата», является некоммерческой, профессиональной, самофинансируемой организацией, основанной на обязательном членстве нотариусов, занимающихся частной практикой на территории Жамбылской области, создаваемой для выражения и защиты прав, законных интересов нотариусов, занимающихся частной практикой, а также для осуществления контроля за соблюдением законодательства о нотариате при совершении ими нотариальных действий. Организационно-правовая форма – нотариальная палата.
- 1.2. Нотариальная палата в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О нотариате» от 14 июля 1997 года, Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях» от 16 января 2001 года, другими законодательными и нормативными правовыми актами по вопросам нотариата и настоящим Уставом.
- 1.3. Палата образована и действует на основе следующих принципов: самоуправления и самофинансирования, гласности, законности, равноправия её членов.
